

"Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық виза алуға өтінішхатты беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1265 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2020 жылғы 3 маусымдағы № 11-1-4/184 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 8 маусымда № 20831 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық виза алуға өтінішхатты беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1265 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13039 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 ақпанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 29 қазаннан Кәсіпкерлік Кодексінің 282-бабының 7-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғаға инвесторлық виза алуға өтініш беру қағидалары осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес қайта өзгертіледі.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялық комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Заң қызметіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министріні жетекшілік ететін орынбасарға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрі

М. Тілеуберді

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2020 жылғы 3 маусымдағы
№ 11-1-4/184 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық визаны алуға өтінішхатты беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық визаны алуға өтінішхатты беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар), 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 282-бабының 7-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес

әзірленген (бұдан әрі- "Мемлекеттік қызметтер туралы" Заңы) және "Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық визаны алуға өтінішхатты беру" (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін айқындайды.

Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитетімен көрсетіледі(бұдан әрі – қызмет көрсетуші).

2. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға ;

2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі - Портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

3) Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға инвесторлық виза алуға өтінішхатты беруге өтініш беруші (бұдан әрі – өтініш беруші) – жеке және заңды тұлғалар болып табылады;

4) Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға инвесторлық виза алуға өтініш (бұдан әрі - өтініш) - уәкілетті инвестициялық органның Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғаға / тұлғаларға инвестор визасын беру туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің көші-қон қызметіне жазбаша өтініші.

3. Егер өтініш беруші заңды тұлға болса, өтінішхаттар өтініш берушінің басшыларына және/немесе басшыларының орынбасарларына, сондай-ақ құрылымдық бөлімше басшыларына беріледі.

Егер өтініш беруші жеке тұлға болса, өтінішхат өтініш берушіге беріледі.

4. Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға инвесторлық визаны беру "Халықтың көші-қоны туралы" 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағына сәйкес іске асырылады.

2-тарау. Өтінішхаттарды беру үшін өтінімдерді қарау тәртібі

5. Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға инвесторлық визаны алуға өтінішхатты беруге өтінім (бұдан әрі - өтінім) осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш берушімен Мемлекеттік корпорацияға немесе Порталға тапсырылады.

6. Өтініш беруші (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтінімге мынадай құжаттарды қоса береді:

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:

1) инвесторлық визаны алуға мәлімделген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілінде нотариалды куәландырылған аудармасы бар көшірмесі (сұратылатын визаның қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін үш айдан кем емес паспорттың қолданыс мерзімімен);

2) өтініш беруші жарғысының мемлекеттік немесе орыс тілінде нотариалды куәландырылған аудармасы бар көшірмесі (егер өтініш беруші заңды тұлға болып табылса, түпнұсқа тексеру үшін беріледі);

3) осы қағидалардың 3-тармағына сәйкес тұлғаның лауазымын растайтын құжаттың көшірмесі (егер өтініш беруші заңды тұлға болып табылса, түпнұсқа тексеру үшін беріледі);

4) өтініш берушінің инвестициялық жобаға инвестициялар салу фактісін растайтын құжаттардың көшірмелер (инвестордың нақты растайтын құжаттар "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 Заңына сәйкес ресімделген бастапқы есепке алу құжаттары, "Салық және Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ресімделген шот-фактуралар, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ресімделген кедендік декларациялар, түпнұсқа тексеру үшін беріледі).

Портал арқылы жүгінген кезде:

1) инвесторлық визаны алуға мәлімделген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілінде нотариалды куәландырылған аудармасы бар электронды көшірмесі (сұратылатын визаның қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін үш айдан кем емес паспорттың қолданыс мерзімімен);

2) өтініш беруші жарғысының мемлекеттік немесе орыс тілінде нотариалды куәландырылған аудармасы бар электронды көшірмесі (егер өтініш беруші заңды тұлға болып табылса, түпнұсқа тексеру үшін беріледі);

3) осы қағидалардың 3-тармағына сәйкес тұлғаның лауазымын растайтын құжаттың электронды көшірмесі (егер өтініш беруші заңды тұлға болып табылса, түпнұсқа тексеру үшін беріледі);

4) өтініш берушінің инвестициялық жобаға инвестициялар салу фактісін растайтын құжаттардың электронды көшірмелері (инвестордың нақты растайтын құжаттар " Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 Заңына сәйкес ресімделген бастапқы есепке алу құжаттары , "Салық және Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі) " 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ресімделген шот-фактуралар, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ресімделген кедендік декларациялар, түпнұсқа тексеру үшін беріледі).

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес "Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық виза алуға өтініш беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі- Стандарт) баяндалған.

7. Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті ол түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, 2017 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес өтінішті қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші Порталда өтінішті тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Қағиданың 6-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді:

көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады;

ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың осы Қағиданың талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ресімдейді.

8. Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті беру туралы шешімді мынандай жағдайлардың бірі болған кезде қабылдайды:

1) "Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысы сәйкес өңдеу өнеркәсібінің басым салалар шеңберіндегі өтініш берушінің жобаларын іске асыру;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесіне өтініш берушінің мүшелігі;

3) өтініш берушіде инвестициялар жөніндегі уәкілетті органмен жасалған инвестициялық келісімшарттың болуы;

4) өтініш берушіде Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық жобаны іске асыруды растайтын мемлекеттік органдардың немесе квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ұсынымдары болған жағдайда.

9. Мемлекеттік корпорация арқылы өтінім берген кезде Мемлекеттік корпорация қызметкері осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық талап етілетін құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға берген кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі (еркін нысанда).

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағиданың 6-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағиданың 4-қосымшасына сәйкес үлгі бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Ұсынылған құжаттар толық болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың осы Қағиданың талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ресімдейді.

10. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) Мемлекеттік корпорацияда - өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттарды және оның өкілеттіктерін көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде;

2) Порталда - көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, одан кейін оны одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

11. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор осы Қағиданың тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде техникалық проблема туралы еркін нысанда хаттама жасайды және оған көрсетілетін қызметті берушімен қол қояды.

13. Көрсетілетін қызметті беруші келесі негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағиданың белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар болса.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдерге, әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану тәртібі)

14. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне)

шағымдану Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына шағым беру арқылы осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес Стандарты арқылы жүзеге асырылады.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

16. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 4-бабының 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

Қазақстан Республикасының
резиденттері болып
табылмайтын және
Қазақстан Республикасының
аумағында инвестициялық
қызметті жүзеге асыратын
тұлғалар үшін инвесторларға
арналған виза беру туралы
өтініш беру қағидасына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға инвесторлық виза алуға өтініш беру туралы өтініш

№ 1 нысан
(заңды тұлға үшін)

Өтініш беруші туралы ақпарат	
Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының атауы	
Қазақстан Республикасының заңды тұлғасын тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер (күні, себебі)	
Орналасқан жері: заңды мекен-жайы, нақты орналасқан жері	
Бизнес сәйкестендіру номері (БСН)	
Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының басшысы (Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), телефон, факс, электрондық пошта)	
Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеушісі	
Инвестиция көлемі (инвестициялау фактісін растау арқылы)	
Өтінімді алу үшін негіздер 8-тармақтың тиісті көрсету Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің "___" _____ 2020 жылдағы №___ (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №___ тіркелген) Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғалар үшін инвестор визасын алуға өтініш беру ережесі	

Байланыс ақпараттары (телефон, факс, электрондық пошта)	
Өтініш алу тәсілдері (поштамен, қалауы бойынша)	
Инвестор визасын алуға өтініш берген тұлға/тұлғалар туралы мәліметтер	
Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
Туған күні және жері	
Азаматтығы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері	
Жеке басын куәландыратын құжаттың қолдану мерзімі	
Тұрғылықты елде инвестор визасын алуға өтініш берген адамның нақты тұрғылықты жерінің мекен-жайы	
Қызметі	
Байланыс ақпараттары (телефон, факс, электрондық пошта)	
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) Қазақстан Республикасының заңды тұлғасының басшысы)	(қолы, мөр (болған жағдайда) күні)

**Форма № 2
(жеке тұлға үшін)**

Өтініш беруші туралы ақпарат	
Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
Туған күні және жері	
Азаматтығы	
Жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері	
Жеке басын куәландыратын құжаттың қолдану мерзімі	
Тұрғылықты елде инвестор визасын алуға өтініш берген адамның нақты тұрғылықты жерінің мекен-жайы	
Экономикалық қызмет түрінің жалпы жіктеушісі	
Инвестиция көлемі (инвестициялау фактісін растау арқылы)	
Атқаратын лауазымы	
Өтінімді алу үшін негіздер 8-тармақтың тиісті көрсету Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің "___" _____ 2020 жылдағы № _____ (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № _____ тіркелген) Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғалар үшін инвестор визасын алуға өтініш беру ережесі	
Байланыс ақпараттары (телефон, факс, электрондық пошта)	
Өтініш алу тәсілдері (поштамен, қалауы бойынша)	
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өтініш берушінің (қолы, күні)	

Қазақстан Республикасының
резиденттері болып
табылмайтын және
Қазақстан Республикасының
аумағында инвестициялық
қызметті жүзеге асыратын
тұлғалар үшін инвесторларға

"Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар үшін инвесторлық виза алуға өтініш бер" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті
2	Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәсілдері	1) коммерциялық емес акционерлік қоғам "Мемлекеттік корпорация "Азаматтар үшін үкімет" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 2) веб-портал "электрондық үкімет" www.egov.kz (бұдан әрі– Портал).
3	Мемлекеттік қызметті көрсету уақыты	1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 11 (сегіз) жұмыс күні (өтінішті және құжаттарды қабылдаған күн мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді); 2) Порталға құжаттар топтамасы берілген сәттен бастап - 5 (бес) жұмыс күні;
4	Мемлекеттік қызмет нысаны	Электронды немесе қағазда
5	Мемлекеттік қызмет нәтижесі	Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға инвесторлық виза алуға өтініш беру
6	Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өндіріп алынатын төлем соммасы және Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген жағдайда оны жинау тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс графигі	1) Мемлекеттік корпорация – Дүйсенбіден сенбіге дейін, 9.00-ден 20.00-ге дейін түскі үзіліссіз, жексенбімен мереке күндерін қоспағанда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының таңдау бойынша, жедел қызмет көрсетусіз "электрондық кезек" тәртібінде көрсетіледі, Портал арқылы электронды кезекке тапсырыс беруге болады. 2) Портал – тәулік бойы, жөндеу жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін немесе демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және нәтижелерін беру мемлекеттік қызметі келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде: 1) осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

<p>8</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі</p>	<p>2) инвесторлық визаны алуға мәлімделген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілінде нотариалды куәландырылған аудармасы бар көшірмесі (сұратылатын визаның қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін үш айдан кем емес паспорттың қолданыс мерзімімен);</p> <p>3) өтініш беруші жарғысының мемлекеттік немесе орыс тілінде нотариалды куәландырылған аудармасы бар көшірмесі (егер өтініш беруші заңды тұлға болып табылса, тұпнұсқа тексеру үшін беріледі);</p> <p>4) осы қағидалардың 3-тармағына сәйкес тұлғаның лауазымын растайтын құжаттың көшірмесі (егер өтініш беруші заңды тұлға болып табылса, тұпнұсқа тексеру үшін беріледі);</p> <p>5) өтініш берушінің инвестициялық жобаға инвестициялар салу фактісін растайтын құжаттардың көшірмелер (инвестордың нақты растайтын құжаттар "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 Заңына сәйкес ресімделген бастапқы есепке алу құжаттары, "Салық және Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ресімделген шот-фактуралар, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ресімделген кедендік декларациялар, тұпнұсқа тексеру үшін беріледі). Портал арқылы жүгінген кезде:</p> <p>1) инвесторлық визаны алуға мәлімделген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілінде нотариалды куәландырылған аудармасы бар электронды көшірмесі (сұратылатын визаның қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін үш айдан кем емес паспорттың қолданыс мерзімімен);</p> <p>2) өтініш беруші жарғысының мемлекеттік немесе орыс тілінде нотариалды куәландырылған аудармасы бар электронды көшірмесі (егер өтініш беруші заңды тұлға болып табылса, тұпнұсқа тексеру үшін беріледі);</p> <p>3) осы қағидалардың 3-тармағына сәйкес тұлғаның лауазымын растайтын құжаттың электронды көшірмесі (егер өтініш беруші заңды тұлға болып табылса, тұпнұсқа тексеру үшін беріледі);</p> <p>4) өтініш берушінің инвестициялық жобаға инвестициялар салу фактісін растайтын құжаттардың электронды көшірмелері (инвестордың нақты растайтын құжаттар "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234 Заңына сәйкес ресімделген бастапқы есепке алу құжаттары, "Салық және Бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ресімделген шот-фактуралар, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес ресімделген кедендік декларациялар, тұпнұсқа тексеру үшін беріледі).</p>
<p>9</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер</p>	<p>1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) колданылу мерзімі өткен құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталғанда;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Ережелерде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар болса.</p>
	<p>Тұрмыс – тіршілігін шектейтін организм функцияларының тұрақты бұзылуынан денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушылар үшін қажет болған жағдайда, 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы өтініш жасаған кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды</p>

<p>10 Мемлекеттік қызметтер көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзгеде талаптар</p>	<p>Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді. Мемлекеттік корпорацияға көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 20 (жиырма) м и н у т ;</p> <p>Мемлекеттік корпорацияға көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер министрлігінің www.mfa.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" деген бөлімінде;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz. интернет-ресурстарында о р н а л а с т ы р ы л ғ а н .</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірыңғайбайланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777.</p>
---	--

Қазақстан Республикасының
резиденттері болып
табылмайтын және
Қазақстан Республикасының
аумағында инвестициялық
қызметті жүзеге асыратын
тұлғалар үшін инвесторларға
арналған виза беру туралы
өтініш беру қағидасына
3-қосымша
нысан
(Тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда)
Немесе көрсетілетін қызметті
алушының ұйымының атауы

(көрсетілетін қызметті
алушының мекен-жайы)

Көрсетілетін қызметті алушының жазбаша келісімі

Мен ақпараттық жүйелерде заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты пайдалануға келісемін.

_____ " _____ ЖЫЛЫ

(қолы)

Қазақстан Республикасының
резиденттері болып
табылмайтын және
Қазақстан Республикасының
аумағында инвестициялық
қызметті жүзеге асыратын
тұлғалар үшін инвесторларға
арналған виза беру туралы
өтініш беру қағидасына
4-қосымша

нысан
(Тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда),
(бұдан әрі-Т.А.Ә)
Немесе көрсетілетін қызметті
алушының ұйымының атауы

(көрсетілетін қызметті
алушының мекен-жайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы түбіртек

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік қызметтер туралы" Заңының 20 - бабының 2- тармағын басшылыққа ала отырып, "Мемлекеттік корпорация, Азаматтарға арналған үкімет" коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының №___ мекен-жайы

_____) мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттарды қабылдаудан

_____ ескере отырып бас тартады

Мемлекеттік қызмет стандартында қарастырылған тізімге сәйкес құжаттардың толық емес пакеті:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____ ;
- 2) _____ ;
- 3)...

Осы түбіртек екі тарапқа, әрқайсысы үшін бір-бірден жазылған.

_____ Т.А.Ә. (Мемлекеттік корпорация қызметкері)

_____ (қолы)

Орындаушы. Т.А.Ә. _____

Телефон _____

Қабылдаған: _____

Т.А.Ә.

көрсетілетін қызметті

алушының қолы

20__ жыл

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2020 жылғы 3 маусымдағы
№ 11-1-4/184 бұйрығына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің және
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін
атқарушының күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1) "Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын және Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға инвесторлық виза алуға өтініш беру" мемлекеттік қызмет стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 301 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13685 болып тіркелген, 2016 жылғы 19 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын және Қазақстан Республикасында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға инвесторлық виза алуға өтініш беру туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 15 маусымдағы № 489 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13946 болып тіркелген, 2016 жылғы 2 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

3) "Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 15 қарашадағы № 792 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17778 болып тіркелген, 2018 жылғы 27 қарашасында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған).